

**"Қазақстан түсті металдары" ұлттық акционерлік компаниясы кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметіндегі елеулі кемшіліктер туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1893 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

***Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.***

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің "Қазақстан түсті металдары" ұлттық акционерлік компаниясы мен оның құрамына кіретін кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізген тексеруінің нәтижесін қарай келіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі компания мен оның бөлімшелерінің шикізат ресурстары мен өнімдері елден тысқары шығарудың белгіленген тәртібін сақтауды қамтамасыз етпегенін, валюта түсімін жасырып қалу, өнімді төмендетілген бағамен өткізу, балама емес баспабас айырбас жасау, ақша қаражаты мен тауарлық-материалдық игіліктердің жетіспеушілігі мен оларды талан-таражға салу, сондай-ақ өндіріске қатысты емес оларды емес өнімдердің шығынын оның өзіндік құнына негізсіз жатқызу фактілеріне жол бергенін атап көрсетеді.

Өнімді өткізу мен балама емес баспабас айырбастан ғана компания кәсіпорындары жалпы сомасы 63,3 млн. теңге сомадағы табыстан айырылып қалды, мұның өзі бюджетке 19 млн. теңге соманың кем түсуіне әкеп соқты.

"Востокмашзавод" пен "Шымкент қорғасын заводы" акционерлік қоғамдары республиканың өкілетті банктеріндегі өз есепшоттарына валюталық түсімнің есептелуін және оның Қазақстанның банкаралық валюталық қор биржасында 2,3 млн. теңге сомасына міндетті сатылуын қамтамасыз етпеді.

Шикізат пен материалды алу кезінде елеулі қаржы қиыншылығын бастан кешіре отырып және берушілер мен бюджетке ірі кредиторлық сомасы бола тұра, жүйенің жекелеген кәсіпорындарының басшылары қаржы қаражатын коммерциялық құрылымдардың жарғылық қорының құрылтай құжаттарына, қаржы көмегін көрсетуге, депозиттік салымға, сондай-ақ шетелге шығарылатын қымбат автомобильдер сатып алуға тартады.

Шаруашылық жүргізуші бес шағын құрылымның құрылтайшысы бола тұрып, "Балқашмыс" өндірістік бірлестігі салынған қаржысын қайтарып, олардың құрамынан шығудың орнына 1994 жылдың маусымында жауапкершілігі

шектеулі "Ескендір" серіктестігін құруға тағы қатысып, жарғы қорына 35,9 млн. теңге аударады. Сонымен қатар, бірлестік, Австрия кредит жүйесі есебінен 840 мың АҚШ доллары сомасына 23 "Мицубиси" маркалы автомобилін сатып алған.

Аталған бірлестікте, сондай-ақ "Востокмашзавод", "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамдарында ірі сомада шикізаттың, дайын өнімнің және басқа да құндылықтардың ұрланып, жетіспейтіні анықталады.

Компанияның жекелеген бөлімшелері өнімдерді сатудан түскен қаржыны есепке алу және есеп беру кезінде құжаттарда толық көрсетпеу арқылы жалпы сомасы 20 млн. теңгеден асатын салық салынатын пайданы төмендетіп көрсеткен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюта бақылауы комитеті тексерулердің материалдарын құқық қорғау о р г а н д а р ы н а б е р с і н .

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті жүргізген тексерулердің нәтижелерін қарап, шегілген зиянның өтелуін, бюджет алдындағы берешектерін өтеу, есеп айырысу-төлем тәртібін нығайту және кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметін ретке келтіру жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

жол берілген тәртіп бұзушылықтарға кінәлі шаруашылық жүргізуші құрылымдардың басшы қызметкерлерін жауапкершілікке тартсын.

қабылданған шаралар туралы 1996 жылдың 30 қаңтарына дейін баяндасын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақстан түсті металдары" ұлттық акционерлік қоғамының барлық бөлімшелері салынған қаржы мен берілген мүліктің құнын тиесілі дивиденттерімен қайтарып, олардың қатысуымен құрылған әртүрлі мемлекеттік емес құрылымдардың құрылтайшылар құрамынан белгіленген тәртіппен 1996 жылдың 30 қаңтарына дейін шығуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қайта есептелінген төлемдер мен салық салынудан жасырылған табыстар мен пайдалардың бюджетке толық өндіріліп алынуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Н.А.Шайкеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

